

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕ ДЕ БУХГАЛТЕР ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Қазіргі әлем қарқынды түрде цифрландыру кезеңін бастан өткеруде. Жасанды интеллект, автоматтандыру және үлкен деректер технологиялары экономиканың барлық саласына өніп, еңбек нарығына елеулі өзгерістер әкелуде. Осындай жағдайда көптеген мамандықтар өзектілігін жоғалтады деген пікірлер жиі айтылуда. Алайда тәжірибе көрсеткендей, кейбір кәсіптер керісінше жаңа сипат алып, маңыздылығы арта түсуде. Солардың бірі – бухгалтер мамандығы. Балабақша, алып зауыт болсын, бірде-бір кәсіпорын, фирма, компания бухгалтерлік есепсіз қызмет жасай алмайды. Тез ойлы, ұқыпты және тәжірибелі бухгалтер үшін кез-келген компанияның басшысы, жоғары жалақы беруге дайын. Өйткені дұрыс жүргізілген есеп – кәсіпорын қызметінің көркеюі мен гүлденуінің бірден-бір кепілі.

Бухгалтерлік есеп – кез келген экономикалық жүйенің негізі. Кәсіпорынның табысы мен шығыны, қаржылық тұрақтылығы мен даму перспективасы осы сала мамандарының жұмысына тікелей байланысты. Бұрын бухгалтердің негізгі міндеті есеп жүргізу, құжаттарды тіркеу және есептілік дайындау болса, бүгінгі күні оның рөлі өлдеқайда кеңейді. Қазіргі бухгалтер – тек есепші емес, ол қаржылық талдаушы, кеңесші және басқарушылық шешім қабылдауға қатысатын маман.

Жасанды интеллекттің дамуы бухгалтерлік қызметті айтарлықтай өзгертті. Қазіргі таңда көптеген операциялар автоматтандырылған: бастапқы құжаттарды өңдеу, есеп жүргізу, салық есептілігін қалыптастыру арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асады. Бұл процестердің жылдамдығы мен дәлдігі артқанымен, олар бухгалтерді толық алмастыра алмайды. Себебі кез келген автоматтандырылған жүйе алдын ала берілген алгоритмдер негізінде жұмыс істейді, ал нақты өмірде кездесетін жағдайлар әрқашан біркелкі бола бермейді.

Мысалы, қаржылық есепті талдау барысында тек цифрларға ғана емес, олардың артындағы экономикалық мәнге назар аудару қажет. Компанияның табысының өзгеру себептерін анықтау, шығындарды оңтайландыру жолдарын ұсыну, тәуекелдерді бағалау – мұның барлығы кәсіби ойлау мен тәжірибені талап етеді. Мұндай міндеттерді жасанды интеллект толық деңгейде орындай алмайды, себебі олар контексті терең түсінуді қажет етеді.

Сонымен қатар, бухгалтер жұмысының маңызды бөлігі – заңнаманы дұрыс қолдану. Қазақстанда салық және қаржы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер жиі жаңарып отырады. Әр өзгерісті дер кезінде түсініп, оны тәжірибеде тиімді пайдалану тек білікті маманның

қолынан келеді. Бұл тұрғыда бухгалтер тек орындаушы емес, ұйымның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі тұлға болып табылады.

Бүгінгі бухгалтердің тағы бір ерекшелігі – оның аналитикалық ойлау қабілеті. Ол тек өткен кезеңнің нәтижелерін тіркеп қана қоймай, болашаққа болжам жасайды. Қаржылық көрсеткіштерді талдау арқылы компанияның даму стратегиясын қалыптастыруға қатысады, басқарушылық шешімдерге ұсыныстар береді. Осылайша бухгалтердің рөлі есеп жүргізуден стратегиялық деңгейге дейін көтерілді.

Цифрландыру бухгалтерлерге жаңа мүмкіндіктер ашуда. Олар халықаралық стандарттармен жұмыс істеп, заманауи бағдарламаларды меңгеріп, үлкен көлемдегі деректерді талдай алады. Бұл олардың кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Қазіргі жұмыс берушілер тек есеп жүргізе алатын емес, сонымен қатар ойлай алатын, талдай алатын және шешім ұсына алатын мамандарды іздейді.

Осы талаптарға сай мамандарды даярлауда жоғары оқу орындарының рөлі зор. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде жүзеге асырылатын 6B04130 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы заманауи үрдістерді ескере отырып құрылған. Студенттер бухгалтерлік есептің теориясын ғана емес, тәжірибелік дағдыларды, цифрлық технологияларды, аудит және қаржылық талдау негіздерін меңгереді. Бұл түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуына мүмкіндік береді.

Мамандық таңдау – әр адамның болашағына әсер ететін маңызды шешім. Қазіргі жастар үшін тек қызықты ғана емес, тұрақты әрі болашағы бар саланы таңдау маңызды. Бухгалтерлік есеп пен аудит – дәл осындай бағыттардың бірі. Бұл сала әрқашан қажет, себебі экономика болған жерде есеп те болады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект бухгалтер мамандығын жоймайды; керісінше оны жаңа деңгейге көтереді. Ол күнделікті рутиналық жұмыстарды жеңілдетіп, мамандарға күрделі әрі маңызды міндеттерге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бухгалтер – бұл тек цифрлармен жұмыс істейтін адам емес, ол – стратег, аналитик және сенімді серіктес. Сондықтан да бұл мамандық болашақта да өз маңыздылығын сақтап, одан әрі дами береді.

Егер сіз сенімді, тұрақты және заманауи мамандық таңдауды қаласаңыз, бухгалтер болу – дұрыс шешім. Тұрақтылық пен табыс кепілі – бухгалтерлік білім.

**Абдықұлова Дамира Бахытжанқызы,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, «Есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушысы**